

Азаматтық мақсаттағы, соның ішінде орнатылған не басқа тауарлардың құрамына кіретін радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы ереженің № 2 қосымшасына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 75 шешімі

Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4 және 37-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен бекітілген Азаматтық мақсаттағы, соның ішінде орнатылған не басқа тауарлардың құрамына кіретін радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы ереженің № 2 қосымшасының 3-тармағына мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 7-тармақшада "5150 – 5350 МГц және 5650 – 5725 МГц" деген сөздер "5150 – 5350 МГц, 5650 – 5850 МГц және 57 – 66 ГГц" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 17-тармақша "және таратқыштың шығыс қуаттығы 10 мВт аспайтын 2400 – 2483,5 МГц радиожиілік жолағында" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян